

**№AP05135183 / ГҚ «ОРНЫҚТЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ
ӘСЕРЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРТТАРЫНДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ СЕКТОРДЫ ҚОЛДАУ БОЙЫНША ҚАРЖЫ-
НЕСИЕ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТТЕРІН ЖҮЙЕЛІ РЕТТЕУДІҢ
ТЕТІКТЕРІН ӘЗІРЛЕУ»**

(ҚР БҒМ ШАРТТЫ № 349, 2018Ж. 11 СӘУІРІНЕН)

ЖОБАНЫҢ ЖЕТКІШІ: э.ғ.д., доцент Рахметова А.М.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ: нақты сектордағы инновацияларды несиелеу және қаржыландыру саласындағы теориялық-методологиялық және қолданбалы аспектілерді зерделеу және жүйелендіру негізінде, Қазақстан Республикасы экономикасының индустриялық-инновациялық дамуындағы қаржы институттарының белсенді және мүдделілік таныта отырып, қатысу жолындағы тосқауылдарды жоятын тетіктер кіретін, реттеудің кешенді жүйесін әзірлеу болып саналады.

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

1) қаржы-несие ұйымдарының қатысуының және нақты инвестицияларды қолдау бойынша олардың қызметін реттеудің теориялық аспектілерін зерделеу - осы міндеттерді жүзеге асыру: инновациялық секторды дамытудағы несиелік-қаржы ұйымдарының ролін; инвестицияларды жүзеге асырушы несиелік-қаржы ұйымдары мен кәсіпорындар мүдделерінің өзара байланыстарын; олардың инновациялық процеске қатысуы тұрғысынан банктерді реттеу жүйелерін ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттеу; озық шетел тәжірибелерін талдау, жинақтау және қарау, сондай-ақ оны отандық жағдайларға бейімдеу - күтілетін нәтиже: қаржы-несие ұйымдарының инновациялық процеске қатысуын реттеу жүйелері элементтерінің өзара байланысы мен негізгі сипаттамаларын анықтау саласындағы теориялық және методологиялық негіздерді терең пысықтау мен жүйелерді болжайды.

2) инновациялық секторды қаржыландырудың және несиелендірудің өзекті міндеттерін шешу контексінде осы ғылыми зерттеу үшін методологиялық негіздерді қалыптастыру тұрғысынан бастапқы ғылыми теорияларды таңдауды негіздеу - осы міндеттерді жүзеге асыру, экономиканың қаржылық және инновациялық секторы субъектілерінің өзара іс-қимылының ерекшеліктерін - күтілетін нәтижелерін түсіндіретін ғылыми тұжырымдамаларды шолуды, талдауды, жинақтауды және жүйелендіруді - қазіргі жағдайларда инновациялық сектор субъектілерін қаржылық қолдаудың белсенділігін арттыру тұрғысынан қаржы ұйымдарының қызметін жүйелі реттеу методологиясын әзірлеуді болжайды.;

3) инновацияларға инвестицияларды қаржыландырудың баламалы көздерін пайдаланудың қолданыстағы тәжірибелері мен қалыптасқан үрдістерге талдау жүргізу - осы міндеттерді жүзеге асыру статистикалық және ақпараттық агенттер мен халықаралық мәліметтер қорларының статистикалық көрсеткіштерін жинау мен талдауды; статистикалық талдау

тұрғысынан оларды бағалау мен түсіндіруді; экономикалық-математикалық реттеуді бағалаудың сараптамалық әдісін пайдалануды - күтілетін нәтижелерді: инновацияларды дамытудағы қаржы-несие ұйымдарының белсенді және мүдделілік таныта отырып қатысу жолындағы шектейтін тосқауылдарды анықтауды болжайды;

4) несие-қаржы ұйымдарының уақытша жұмсалмай жатқан ресурстарын инновациялық секторға бағыттауға оң ықпал ететін, қаржы-несие ұйымдарының қызметін жүйелі реттеу тетігінің негізгі элементтерін анықтау - осы міндеттерді жүзеге асыру озық шетел тәжірибесін бейімдеуді ескере отырып, элементтерді таңдауды негіздеуді, оны құрылымдауды және инновациялық сектор кәсіпорындарын қаржылық қамтамасыз етудің институциялық инфрақұрылымдарын қалыптастыру кезінде оны пайдалануды - күтілетін нәтижелерді: жағымды және орнықты макроэкономикалық нәтижелерді қамтамасыз ету мақсатында несие-қаржы ұйымдарының қызметін жүйелі реттеу тетігін болжайды;

5) қаржы-несие ұйымдары үшін инновациялық сипаттағы жобалардың тартымдылығын арттыру саласындағы ұсынымдар әзірлеу, негіздеу және ұсыну - осы міндеттерді жүзеге асыру экономиканың қаржылық және инновациялық секторларын үйлесімді реттеудегі мемлекеттің ынталандырушылық қатысу саласындағы тұжырымдамалық ұсыныстарды тұжырымдауды болжайды - күтілетін нәтиже: жаһандық қаржылық-экономикалық турбуленттілік және анық еместіктің пролангацияланған кезеңі жағдайларында жағымды және орнықты макроэкономикалық нәтижелерді қамтамасыз етуге бағытталған, қаржы секторын реттеу саласындағы шаралар кешенін әзірлеу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

1) Жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша халықаралық деректер қорына кіретін: РИНЦ, Scopus или Tomson Reuters шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жариялау болжанады.

2) Ұжымдық монографияларды, оның ішінде шетелдік серіктестермен бірлесе отырып әзірлеу және шығару(Мәскеу қаласындағы(Ресей Федерациясы) және Рига қаласындағы(Латвия) баспасы) күтілуде;

3) Қазақстан қалаларындағы: Қарағандыдағы және Астанадағы баспаларда Жоба шеңберінде жүргізілген зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары кіретін, ұжымдық монографиялар жариялау жоспарлануда:

4) Күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық нәтиже:

- Ғылыми нәтиже ретінде олардың инновациялық сектор кәсіпорындарын қолдау үшін қаржы институттарының қызметін жүйелі реттеудің тетігін қалыптастырудың тұжырымдамалық негізі әзірленетін болады;

- Әлеуметтік-экономикалық нәтиже, соңғының отандық инновацияларды дамытуға қатысу белсенділігін арттыру мақсатында қаржы-несие ұйымдарының қызметіне алынған ғылыми нәтижелерді енгізу арқыллы қамтамасыз етілетін болады

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРДІ МАҚСАТТЫ ТҮТЫНУШЫЛАР: жеке бизнес өкілдері үшін (коммерциялық банктер және кәсіпорындар), сол сияқты уәкілетті мемлекеттік ұйымдар мен даму институттары (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Экономика дамуының министірлігі және т.б.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖОБАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІСІ: Бәкішев Қайрат Әлиханұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚҚЭУ экономикалық және құқықтық зерттеулер институтының заңи зерттеулер лабораториясының жетекшісі, қылмыстық құқық және криминология, қылмыстық-атқарушылық құқық саласының маманы. Ғылыми жұмыс тәжірибесі 20 жылдан астам.

ЖОБА ИДЕЯСЫ: елдегі жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді ұйымдастырушылық және қолданбалы шараларын, Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету концепциясын және Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсатты мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу адамдардың ЖКО-да қаза табуы мен жарақат алуының елеулі азаюына алып келеді.

ЖОБА МАҚСАТЫ: ЖКО-да болатын адам өлімін 2023 жылға қарай 100 жапа шегушіге 7 адамға дейін төмендетуге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасындағы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық және қолданбалы шараларын әзірлеу.

ЖОБА МІНДЕТТЕРІ:

1) инструментарийлер әзірлеу (сұрау парақтары, анкеталар және т.б.) және жол қозғалысы қауіпсіздігі мен оны қамтамасыз ету туралы сарапшылардан, құқыққорғау органдары қызметкерлерінен, тұрғындардан жол қозғалысын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет қаблдап жатқан шаралар туралы әлеуметтік сауалнамалар жүргізу; жол-көліктік құқықбұзушылықтар үшін сотталғандарды сұрау жүргізу. Нәтижесі: ЖКО профилактикасы шараларын жетілдіру үшін әлеуметтік сұрау мәліметтері.

2) Қазақстан Республикасында жол қозғалысы ережелерін бұзудың жағдайы, құрылымы мен динамикасы туралы статистикалық мәліметтерді жинақтау мен зерттеу, институционалдық ортасын талдау, автокөлік қылмыстық құқықбұзушылықтары үшін жауапкерлік туралы заңдардың сақталуы мен дұрыс талқылануына қатысты ұлттық заңнаманы, Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларын, тергеу және сот практикасын (қылмыстық істер, бас тарту материалдары мен прокурорлық қадағалау актілері) талдау, тиімді құқыққолданушылық қызметке кедергі келтіретін заңи кемшіліктерін анықтау; мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың жол-көлік құқықбұзушылықтары мен олардың зиянды салдарларымен күрестегі рөлі мен орнын бағалау. Нәтиже: елдегі ЖКО-ның шынайы картинасын айқындау, ұлттық заңнаманы және оны қолдану тәжірибесін жетілдіру.

3) елдегі жол көлік оқиғаларының экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, техникалық адамгершілік және басқа да көздерін зерттеу; жол-көлік оқиғаларын жасау механизмдерін зерттеу, алыс және жақын шет елдердің жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша озық тәжірибесін талдау, «Адам» – «автокөлік» – «жол» жүйесін талдау және оның жол қозғалысы қауіпсіздігіне ықпалын талдау, қазіргі кездегі ЖКО нәтижесінде пайда болатын экономикалық шығындарды есептеудің методикасына талдау. Нәтиже: қылмыстаным ғылымының дамуы, ЖКО-ны алдын алу шараларының қолданыстағы шараларын жетілдіру жаңаларын әзірлеу. Жүргізушілердің жек қылмыстық қылығын болжау жол-көлік оқиғаларының алдын алуға мүмкіндік береді.

4) 2025 жылға дейінгі автокөлік құқықбұзушылықтары мен жол қозғалысы қатысушыларының жеке қылмыстық мінез-құлқына криминологиялық болжам жасау. Нәтиже: өткендегі және бүгінгі автокөліктегі апаттылық жөніндегі қылмыстанымдық болжам оның мүмкін өзгерістерін, келешек тенденциялары мен заңдылықтарын алдын ала айтуға мүмкіндік береді.

5) елдегі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, техникалық және басқа да жүйесін жетілдірудің шараларын әзірлеу. Нәтиже: елдегі жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, ЖКО санын, ЖКО-дан болатын өлім-жітім мен жарақаттануды азайту.

6) зерттеуден алынған нәтижелерді ғылыми мақалаларда, оқу құралдарында, монографияларда, заңнамалық нормаларға ұсынымдар және т.б. жасау арқылы апробациялау көзделеді. Нәтиже: қылмыстық құқық және қылмыстаным ғылымын әрі қарай дамыту, елдегі жол қозғалысын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру.

7) Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету Тұжырымдамасы мен 2020-2023 жылдарға арналған мақсатты мемлекеттік Бағдарламаның Жобасын әзірлеу. Оларды қолданудан күтілетін нәтиже – жол-көлік оқиғаларының санын елеулі азайту, ЖКО-дан болатын адам өлімін 2023 жылға қарай 100 жапа шегушіге 7 адамға дейін төмендету.

- күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық эффект – ЖКО, жолдардағы адам өлімі мен жарақаттануының санын, экономикалық шығындарын барынша төмендету; ЖКО жәбірленушілерін күтуге кететін шығындарды азайту; қылмыстық құқық, қылмыстық процестік құқық, әкімшілік құқық пен криминология ғылымдарын әрі қарай дамыту; автокөлік құқықбұзушылықтары мен жол-көлік оқиғаларымен күрес саласындағы ұлттық заңнама мен құқыққолдану практикасын жетілдіру; ЖКО бойынша ұйымдастырушылық, құқықтық, техникалық, медициналық, психологиялық және басқа да сипаттағы профилактикалық шараларды жетілдіру; жол қозғалысының институционалдық ортасын барынша халықаралық стандарттарға жақындату.

ЖОБА НӘТИЖЕСІН ТҰТЫНУШЫЛАР: ҚР Парламенті, ҚР Жоғарғы Соты, ішкі істер органдары мен прокуратура, білім және ғылым Министрлігі,

денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және үкіметтік емес ұйымдар.

- озық нәтижелері заң ғылымының дамуы үшін жаңа әдістанымдық әсерін тигізуден көрінеді, жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселесі бойынша институционалдық ортаны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, экономикалық және адам шығындарын барынша төмендету.

- ғылыми зерттеудің нәтижелері халықаралық және регионалдық деңгейдегі конференцияларда баяндалады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕСІРТКІ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАР, СОЛ ТЕКТЕСТЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНАЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖОБАНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ: з.ғ.к., доцент Феткулов А.Х.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ.

Жоба Қазақстан Республикасында есірткінің заңсыз айналымымен байланысты түбегейлі мәселелерді кешенді зерттеуге бағытталған, сонымен қатар мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру арқылы есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған.

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Осы жоба шеңберінде алдыға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру жоспарланады:

1. Есірткіге қарсы және есірткілердің айналымын реттейтін заңның қазіргі күйі мен тарихына талдау жасау, сонымен қатар есірткілердің заңсыз айналымын құрайтын қылмыстар бойынша жауаптылық мәселесіне тоқталу және талдау жасау;

2. Жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, қоғамның есірткіленуінің негізгі түрлерінің мазмұнына тоқталу, оған қазіргі заманның әлеуметтік құбылысы ретінде қарау, себептерін анықтау, жағдайларына тоқталу және оған қарсы әрекеттің басым бағыттарын анықтау;

3. Есірткіге қарсы үгіт-насихат, алдын алу жұмыстарының құқықтық механизмін жетілдіру, тиімді емдеу және есірткіге кіріптар тұлғаларды әлеуметтік оңалту шараларын заңға сүйене отырып одан әрі жетілдіру;

4. Қазақстан Республикасында есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет жасауға қатысты құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғамның институттары арасындағы өзара байланыстың негізгі тенденциялары мен ерекшеліктерін заң тұрғысынан реттеу жолдарын анықтау;

5. Есірткілердің заңсыз айналымына қатысты ұлттық заңның үйлестірілуінің даму беталысын анықтау;

6. Есірткінің заңсыз айналымына қатысты күресте қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданудың тиімділігін арттыру және қылмыстардың алдын алуға бағытталған нормалардың ғылыми негізделген жобаларын ұсыну;

7. Есірткілердің заңсыз айналымымен күрес тәжірибесіндегі өзекті мәселелерді кешенді зерттеу және кедергі келтіретін факторларды анықтау, сонымен бірге осы қылмыстарды тергеуді әдістемесін әбден жетілдіру;

8. Халықтың есірткіге қарсы иммунитеттерінің пайда болуы мен көбеюі мәселелерін қарастыру, есірткілердің заңсыз айналымына қарсы үгіт - насихаттың рөлін анықтау;

9. Есірткілердің заңсыз айналымымен күрестегі дүниежүзілік тәжірибенің жетістіктерін зерттеу, оқу және бірлескен халықаралық ынтымақтастық пен ұйымшылдық іс- әрекеттері арқылы қылмыстың алдын алу жұмыстарын жандандыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

Жоба шеңберінде ғылыми зерттеулердің нәтижелері шетелдік журналдарда жарияланады, атап айтқанда, ресейлік журналда «Наркоконтроль» (Импакт-фактор РИНЦ – 1,875), «ҒЫЛЫМ-НАУКА» Қазақстандық халықаралық ғылыми журналда, ол заң ғылымдарының ғылыми жұмыстарының негізгі ғылыми нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған басылымдар тізіміне енгізілген (ҚР БҒМ БҒСБК бұйрығы №1027 17.10.2016 ж.).

Ғылыми-зерттеу Жобасының қорытындыларын талданып және шығарылғаннан кейін ұжымдық монография басылып шығады (көлемі 15 б.б. мөлшерінде).

Зерттеудің нәтижелері тақырып бойынша өткізілетін ғылыми-теориялық, тәжірибелік-бағдарланған және әдістемелік басылымдарда орындалған жұмыстар туралы аралық және жылдық есептерде көрсетіледі, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми теориялық және тәжірибелік конференцияларда, әдістемелік семинарларда және дөңгелек үстелдерде сыналады.

Зерттеу нәтижесінде есірткіге байланысты қылмыстың алдын-алу туралы заңнаманы жетілдіруге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылда қылмыстық заңды қолданудың тиімділігін арттыру бойынша практикалық ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар жасалады.

Халықаралық ұйымдардың тиісті халықаралық-құқықтық актілерінің ережелерін және қоғамдық ұйымдардың ұсынымдарын ескере отырып, ұлттық заңнаманы есірткімен байланысты насихаттау, алдын алу, одан әрі біріздендіру және үйлестіруді реттейтін заңнаманы жетілдіру күтілуде.

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРДІ МАҚСАТТЫ ТҰТЫНУШЫЛАР:

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы; Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі; ҚР Денсаулық сақтау министрлігі; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі; азаматтық қоғам институттары.